


жазды екен?» — деп сұрақ қояды. Бұған таңданатын ештеңе жоқ. Кант ұзақ жылдар университетте сабақ берді, шәкірттер тәрбиеленді. Сонымен бірге ол — философ. Тәлім-тәрбие — философияның басты қызметі деуге болады.

«Түзетпек едім адамды» деп Шәкәрім ғана емес, қазақ ойшылдарының бәрі айта алар еді, айтып та кетті. Тәрбие ісімен бәрі де тиянақты айналысты. Құдай беріп тұрған, ғылым, білім, мәдениет жете дамыған қазіргі замандағы тәрбие — жыраулар, билер, шешендер, Ыбырай, Абай заманындағыдай пәрменді, ықпалды емес. Сол кездегі қазақ даналары есті, үлгілі, әдепті, ұятты, инабатты ұл-қыздарды тәрбиелей алды. Қазақтардан қандай билер, шешендер, ақындар, батырлар, көсемдер шықты! Бір Шоқанның, бір Абайдың өзі неге тұрады?! Ол кездегі жастар да, үлкендер де айтылған сөзге құлақ түрді, нәтиже шығарды, есте сақтады, бірінен-біріне жеткізді.

Қазақтар қыз баланың тәрбиесіне ерек-



АДАМДЫ ӨЗГЕРТУ

ше көңіл бөлген. «Есті қыз етегін қымтап ұстайды», «қызым — үйде, қылығы — түзде», «қызға қырық үйден тыйым», «ер баланы тәрбиелесен, бір адамды тәрбиелейсің, қыз баланы тәрбиелесен, ұлтты тәрбиелейсің» деген мақалдар сөзімізді нақтылай түседі.

Мәдениеттің де, өркениеттің де нақты көрінісі — техника мен технология емес, тәрбиелі адам. Станок жасау — оңай, адам жасау, адам тәрбиелеу — бәрінен де қиын.

Тәрбие ісі бүгін де ақсап тұр деуге болады. Адамды адам ететін үлгілер, қалыптар, құндылықтар тасада қалып жатыр. Ең өкініштісі — ғылымға сүйенетін оқу-тәрбие ісінде даналық жоқ.

Қазіргі қазақ философиясына қойылатын басты талап — тәрбие ісін жандандыру. Бізге жетпей жатқаны — осы.

Саналы тәрбие болса, біз қазіргідей тоғышарлыққа, ұятсыздыққа, жеңкорлыққа, көзбояушылыққа тап болмас едік.

Қазақ философиясын танып білуге, түсінуге кедергі болып келе жатқан кейбір жайттарға назар аударғым келеді.

Қазақ философиясында сөз болатын нәрселер тым жұпыны, қарапайым күнделікті тіршілікке қатысты мәселе болып көрінеді: жақсы-жаман, ар-ұят, өмір-өлім, жан мен тән қамы, ізгілік-зұлымдық. Мұның бәрі белгілі болып көрінеді де, оның философиялық мәні туралы әңгіме қозғалмайды. Француз философы Жак Дерридань пікірінше, «философия табиғи тілде жазылуы керек». Қарапайым түсінікті жазу кез келгеннің қолынан келмейді.

Қазақ философиясын түсінбеудің тағы бір себебі — бұл философия гректердегідей, немістердегідей том-том шығармаларда емес, бірер шумақ өлеңдерде, қысқа да нұсқа шешендік сөздерде, мақал-мәтердерде, қарапайым қара өлеңдерде, нақыл сөздерде көрініс табады. Бұларды кәсіби мамандар көркем туынды деп бағалар, бірақ философияға қатысы бар деп ойламайды.

Абай — ұлы ақын, сонымен бірге терең ойшыл, нағыз философ. Мен «Қазақ әдебиетінде», «Егемен Қазақстанда», «Ақиқат» журналында Абай философиясы туралы жуырда жарық көрген мақалаларымда оның ілімінің әлемдік философиямен ұштасып жатқан қырларын ашып көрсеттім.

Абай Сократты дана, «хакім» деп қадірледі, үлгі тұтты. Өзінің 27-қара сөзін Сократтың жолымен диалог түрінде жазды. Өлеңдері мен қара сөздерінде Сократша сынды, мысқылды, кекесінді көбірек пайдаланды. Философия тарихында адам танудағы жүректің рөлін француз философы Паскальдан кейін ерекше атап өткен ойшыл — Абай. Ол: «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: нұрлы ақыл, ыстық қайрат, жылы жүрек», — дейді.

Канттың адам туралы ілімінде «Мен неге үміт арта аламын?» деген сұрақ бар. Оған ол: бәріне де, тіпті Құдайға да үміт

артуға болады, бірақ түбінде бәрі адамның өзіне келіп тіреледі, — деп жауап береді.

Осындай сұраққа Абай да өзінше өлеңмен жауап берген:

*«Сенбе жұртқа тұрса да қанша мақтап,
Дүре етеді ішіне құлық сақтап.
Өзің сен, өзіңді алып шығар,
Еңбегің мен ақылың екі жақтап», —* дейді ақын.

Абай туындыларынан диалектикалық пайымдаудың небір үлгілерін табуға болады.

Қазақ философиясының үлгісі, бағыт-бағдары туралы әңгіме болғанда, біз бірден Абайға жүгінеміз. Абайда нағыз философияға керек нәрселердің барлығы: даналық та, түсінік те, тәлім-тәрбие де, сұхбат та, ұлттық құндылықтар да — бәрі бар. Абайда біздің халқымызға бүгін де қажет болатын нәрселердің бәрі: ғылым-білім де, ар-ұят та, рух та, намыс та, нарық та, бәсекелестік те, әділеттілікке апаратын демократия да бар. Тек Абайды оқу керек, түсіну керек, игеру керек, Абай жолымен жүру керек.

Қазақ философиясының экзистенциалдық сипаты

Философиялық әдебиетте кездесетін тағы бір жаңсақ пікір туралы айтып өтсем... Философияда экзистенциалдық проблемалар, яғни тіршілікте кездесетін қиын-қыстау сәттер туралы сөз бола қалса, кейбіреулер бірден немістерге, француздарға сілтеме жасайды. Мұндай мәселелер тек XIX-XX ғасырларда Батыс философиясында пайда болған деп есептейді. Әрине, анығында — олай емес. «Экзистенция» — латынша тіршілік ету (существование) деген мағынаны білдіреді. Бұл ұғымды философияға енгізген дат философы С.Кьеркегор болатын. «Экзистенция» ұғымы философияда күнделікті, қалыпты, жайбарақат тіршілік дегенді білдірмейді. Керісінше, тығырыққа тіреліп, қиналатын, болу ма, болмау ма деп шешуші талғам жасайтын жағдайды бейнелейді. Батыста (Ж.П. Сартр, А. Камю, т.б.) мұндай сәтті «шекаралық жағдай» деп атайды.

Жан мен тән, өмір және өлім, фәни мен бақи, ұят пен намыс, мұң-зар, өкініш, жалғыздық туралы мәселе философияда, әдебиетте ежелден бері қойылып келеді.

Мен, отандық философияда алғашқы болып, қазақ философиясының экзистенциалдық сипаты туралы жаздым. Экзистенциалдық сарын қазақ ойлау жүйесінде тым өріден — Қорқыттан, Асан қайғыдан басталады, билер мен жырауларда, Махамбетте, зар-заман ақындарында, Абайда, Шәкәрімде жалғасын табады.

Ғашықтыққа тап болған, Қозы мен Баян, Қыз Жібек пен Төлеген нағыз экзис-

тенциалдық жағдайды бастан кешті. Қазақтың сал-серілерінің өлеңдері мұң мен зарға, өкінішке толы екенін білеміз.

Бернияз ақынның осы бағыттағы толғанысы:

*Қызғалдақтай қызық өмір,
Күні келсе, солмай ма?
Еркін жүрген ерке көңіл,
Қайғы-зарға толмай ма?
Тасқан қайтып, толған солып,
Сарғайтпай ма сондайда?
Алтын жастық жасалған болып,
Ах ұрар күн болмай ма?*

Қазақ сөзінде экзистенциалдар осылай өріледі.

Шәкәрімнің мына өлеңі де экзистенциалдық жағдайды суреттейді:

*Шаранамен туып едің,
Бөз оранып өтесің.
Бір сағымды қуып едің,
Қай уақытта жетесің?
Қанша дәулет жиып едің,
Бәрі қалды, не етесің?
Мал үшін жан қиып едің,
Қайтіп алып кетесің?
«Бәрі өтеді», «жалған дүние», «суета сует» деген осы.*

Достоевскийдің барлық шығармалары экзистенциалдық тұрғыда жазылған. Н.К.Михайловский Достоевскийді «қорлық көргендердің жырышысы» деп бекер атаған жоқ.

Әдебиетте кездесетін тағы бір қате түсінік туралы айта кету керек.

Философияда «өмір философиясы» деген бағыт бар. Бұл туралы әңгіме бола қалса, кейбір маман философтар бірден тағы да Батысқа, мысалы, Германияға (Ницше, Дильтей, Зиммель, Шпенглер) немесе Францияға (Бергсон) сілтеме жасайды. Шығыста, бізде — қазақтарда философтар, ойшылдар өмір туралы тіпті ойланбаған сияқты. Өмір туралы ойланбаған, жазбаған ақын-жазушылар, ойшылдар табылар ма екен?!

Өмір деген әдебиеттің де, философияның да өзекті тақырыптарының бірі емес пе?

Ағартушы, ұстаз, ойшыл ақын Ғұмар Қараш қазақ философиясын өмір философиясы деп атап еді. Оның «Өмір пәл санасы» деген керемет өлеңін осы тұста тұтас келтірген дұрыс болады:

*Мысалы, мынау жалған — бір желқайық,
Қылт етіп, қия бассаң кетер тайып.
Таяныш тұрағы жоқ болғаннан соң,
Бұлайша мысал етсек, болар лайық.
Таянып тұрақсызға көңіл қойып,
Жүрмеңіз мәңгілікті жұртқа сайып.
Тіршілік бес күн небар тиген еншің,
Пайдалан мейлінше қанат жайып.
Аз еншің, өкінішті жолға шаппа,
Келуі қайта айналып алмағайып.
Қалмайды ізі-жолың бұ жиһанда,
Кеткен соң тағдыр суы жуып, шайып.
Нені іздеп келіп едің, қайда кеттің,
Бұл жұмбақ шешуі жоқ таңғажайып.*

*Анық сол: атқан таңдай әзіз ғұмыр,
Уақыты бітсе, кетер әлі-ақ байып.*

Бұл толғау мен үшін маман философтар жазған талай трактаттардан артық. Мұнда поэтикалық көркемдік те, философиялық тереңдік те, түсінік те, даналалық та түгел сыйып тұр.

Сонда біз қазақ философиясын өмір философиясы деп атай алмаймыз ба?!

*...Өмір, дүние дегенің
Ағып жатқан су екен.
Жақсы-жаман көргенің,
Ойлай берсен — у екен, —* демей ме Абай?

Өмір туралы мәселенің түйіні осы емес пе?! Батыста «герменевтика» деп аталатын тағы бір беделді философиялық ілім бар. Оны басқаша «түсінік философиясы» деп атайды. Герменевтиканың негізгі мәселесі — түсінік (понимание), алдына қойған мақсаты — діни, әдеби, философиялық мәтіндерді түсіну және түсіндіру.

1990 жылы Алматыда өткен диалектикаға арналған үшінші симпозиумда философиядағы түсінік мәселесі туралы баяндама жасадым, философияның бір анықтамасы түсінік деп атап көрсеттім.

Даналық пен түсінік — астасып жатқан нәрселер. Бірінсіз бірін түсіну мүмкін емес. Философияны, әрине, білім де, ғылым да қызықтырады. Сонымен бірге ол түсінікке айрықша мән береді. Көптеген нәрселерді ғылымға сүйеніп, танып қоюдың өзі жеткілікті. Бірақ адамға, тарихқа, дінге, әдебиетке қатысты нәрселерді танып қою аз, талдап түсіну керек.

Түсінік мәселесіне де байланысты жаңсақ пікірге жиі тап боламыз. Әдетте түсінік дегенді таныммен, теориямен, ғылыммен байланыстырады, солардан шығаруға тырысады. Сөйтіп, кешегі қазақтар сияқты көшпенділерде, далалықтарда түсінік болуы мүмкін емес деген тұжырым жасалады. Қазақ философиясын елемесудің тағы бір жолы осында жатыр.

Мен айтар едім: қазақ философиясында, би-шешендер сөздерінде, жырауларда, жап-жас Шоқанда, Ыбырайда, Абайда, Шәкәрімде, қазақтың қара өлеңдерінде, мақал-мәтелдерінде дүние, адам, өмір, өлім, уақыт, ар-ұят, обал-сауап, қымбат-арзан нәрселер туралы, махаббат, достық, жақсы-жаман туралы таңғажайып терең түсінік бар — деп. Түсінік болмаса, бай ауыз әдебиеті, қара өлеңдер, мақал-мәтелдер, шешендік сөздер бізге жетер ме еді?! Айтылған сөзді қазақтар түсінгенін, есте сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізгенін, олар бізге жетіп отыр. «Малым — жанымның садағасы, жаным — арымның садағасы» деп бір кезде оқи, жаза білмеген қыр қазағы айтты. Мұндай тәмсілді осы жасқа келгенше мен классикалық философиялық шығармалардан кездестіре алмадым.

Қазақ философиясының ерекшелігі оның әдебиетпен, көркем сөзбен астасып жатқаны деп ойлаймын. Мұндай әдебиет те, мұндай философия да сирек кездеседі.

Жоғарыда қойылған «қазақ философиясы қандай философия?» деген сұраққа, мен: «Қазақ философиясы — практикалық философия», — деп жауап бергім келеді. Қазақ философиясының басты ерекшелігі осы болса керек.

Қазақ философиясы даналық, түсінік, тәлім-тәрбие түрінде адамға бағытталған. Адамды оятықсы, үйреткісі, түзеткісі келеді. Қазақ философиясында жақсы мен жаман, қымбат пен арзан, жан қамы мен тән қамы, обал-сауап, ар-ұят, шындық пен жалған т.б. туралы тиянақты сұрақтар мен жауаптар бар.

Бір кезде Кант «практический философ» деген ұғымды қолданып еді. Оның ойынша, шын мәнісіндегі философ деп осындай сөзі мен ісі ұштасып жатқан практикалық философия айтуға болады: «Практический философ-наставник мудрости учением и делом — есть философ в собственном смысле», — деп жазды. Және бұған қосымша: «Ибо философия есть идея совершенной мудрости», — деп атап көрсеткен еді. Осы бағытта Маркс Сократты «жүзеге асқан философия» деп атаған болатын, яғни оның сөзі де, ісі де, ілімі де, өмірі де, өлімі де философияға айналып кетті дегені. Мен Абайды да «жүзеге асқан даналық», демек, жүзеге асқан философия деп айта аламын.